


1. [Негізгі мәселелер](#)
- [Тауарлармен сыртқы сауда](#)
- [ЕАЭО елдерімен тауарлармен өзара сауда](#)
2. [Сыртқы сауда айналымының динамикасы](#)
3. [Глоссарий](#)
4. [Әдістемелік түсінітемелер](#)
5. [Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
6. [Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі мәселелер

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 101973,2 млн. АҚШ долларын құрап, 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда номиналды мәнде 2,4% көбейді, оның ішінде экспорт – 57498,3 млн. АҚШ долларын (номиналды мәнде 10,2% аз), импорт – 44475 млн. АҚШ долларын құрады (номиналды мәнде 25% көп).

1-сурет. ҚР 2021-2023 жылғы сыртқы сауда айналымының динамикасы

өткен жылдың сәйкес кезеңіне пайызбен



ҚР-дың ЕАЭО елдерімен өзара саудасы

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара сауда 20655,2 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда номиналды мәнде 2% азайды.


2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте тауарлар экспорты 7818,8 млн. АҚШ доллары (11,8% көп), импорт – 12836,4 млн. АҚШ доллары (8,9% аз) деңгейінде қалыптасты.

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінде Ресей Федерациясына – 91,7%, бұдан әрі Қырғыз Республикасына – 4,8%, Беларусь Республикасына – 3,3%, Армения Республикасына – 0,2% келеді.

2. Сыртқы сауда айналымының динамикасы

2-сурет. Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымындағы үлес салмағы


пайызбен




Қазақстан Республикасының экспорты бойынша тауарлардың негізгі үлес салмағы 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте мынадай тауарларға тиесілі: битуминозды минералдардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері (54,2%), тазартылған мыс және өңделмеген мыс қорытпалары (4,3%), кендер және мыс концентраттары (3,9%), химиялық радиоактивті элементтер және изотоптар радиоактивті (3,3%), ферроқорытпалар (3%), бидай және меслин (2,6%).

Қазақстан Республикасының импорты бойынша ең көп үлес салмағы мынадай тауарларға тиесілі: жеңіл автокөлік (5,2%), телефон аппараттары (3,1%), кузовтар мен кабиналар (2,7%), дәрілік заттар (2,2%), моторлы көлік құралдарының бөлшектері мен керек-жарақтары (2%), мұнай және мұнай өнімдері (1,7%).

Қазақстаннан экспорт 57498,3 млн АҚШ доллары




Қазақстанға импорт 44475 млн АҚШ доллары



Қазақстан Республикасының экспорттағы негізгі әріптес елдері: Италия (18,8%), Қытай (18%), Ресей (12,3%), Нидерланды (5,8%), Корея Республикасы (5,6%), Түркия (5,1%) болып табылады.

Қазақстан Республикасының импорттағы негізгі әріптес елдері: Ресей (26,7%), Қытай (25,5%), Германия (5,1%), АҚШ (4,5%), Корея Республикасы (3,8%), Түркия (3,4%) болып табылады.

3-сурет. Серіктес елдер



3. Глоссарий

Тауарлардың сыртқы саудасы - мүше мемлекет пен үшінші елдер арасындағы тауарлардың импорты мен экспорты

Тауарлардың өзара саудасы - мүше мемлекеттер арасындағы тауарлардың импорты мен экспорты

Тауарлардың экспорты - бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына мүше мемлекеттің материалдық ресурстарының қорларын азайтатын тауарларды әкету

Тауарлардың импорты - мүше мемлекеттің материалдық ресурстарының қорларына қосылатын тауарларға мүше мемлекеттің аумағына басқа мүше мемлекеттің аумағына әкелу

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өзара сауда статистикасы БҰҰ-ның «Тауардың халықаралық сауда статистикасы» статистикалық бөлімінің Ресми жарияланымында қамтылған ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы есеп» 1-ТС статистикалық есептілігінің деректері негізінде қалыптастырылады. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №210 шешімімен бекітілген «Тауарлармен халықаралық сауда статистикасы: құрастырушыларға арналған нұсқаулық» және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарлармен өзара сауда статистикасын және сыртқы сауда кедендік статистикасын жүргізудің бірыңғай әдіснамасы.

Тауарлардың жіктеуіші ретінде Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы қолданылады.

Тауарлардың өзара сауда статистикасындағы тауарларды есепке алу негізінен мүше мемлекеттердің материалдық ресурстарының қорларына қосылатын, олардың әкелінуі нәтижесінде бір мүше мемлекеттің аумағы басқа мүше мемлекеттің аумағынан қосылатын не оларды әкету нәтижесінде мүше мемлекеттердің материалдық ресурстарының қорларын азайтатын мүше мемлекеттердің арасында өткізілетін барлық тауарларды есепке алуды көздейтін жалпы сауда жүйесі негізінде жүзеге асырылады бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына.

5. Электрондық кестелер

[ҚР-ның сыртқы сауда айналымы](#)
[Тауарлардың экспорты мен импортының құрылымы](#)
[ЕАЭО елдерімен тауарлардың экспорты мен импортының құрылымы](#)
[Сыртқы сауданың негізгі көрсеткіштері](#)
[Ет және ет өнімдерінің экспорты және импорты](#)
[ҚР-ның өңірлер бойынша өзара сауда статистикасы](#)
[ҚР-ның 2023 жылғы тауар-елдер бөлінісінде 4, 6, 10 СЭҚ ТН ЕАЭО бойынша](#)
[ҚР-ның 2023 жылғы елдер-тауарлар бөлінісінде 4, 6, 10 СЭҚ ТН ЕАЭО бойынша](#)
[2023 жылғы ҚР-ның аумақтар бөлінісінде негізгі көрсеткіштер бойынша өзара саудасы](#)
[Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сыртқы сауда айналымы](#)
[Сыртқы сауда айналымының динамикасы](#)
[АӨК](#)
[Қазақстан Республикасының қызмет көрсету экспорты мен импорты](#)
[Азық-түлік тауарлары бойынша Қазақстан Республикасының экспорты және импорты](#)
[Өңделген ауылшарушылық өнімдердің экспорты және импорты](#)
[Мал шарушылығы өнімдерінің тауарлар экспорты мен импорты](#)
[Өсімдік өнімдерінің экспорты және импорты](#)
[Қазақстан Республикасының тауарлармен елдер бөлінісінде сыртқы және өзара сауда статистикасы](#)
[ҚР ССА қорытындысы](#)
[Экспорт және импорт тауарлық құрылымы](#)

* 2023 жылғы қаңтар-қыркүйек – алдын ала деректер

Шығарымға жауапты: Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	Департамент директоры: Г. Қарауылова Тел. +7 7172 74 90 60	Орындаушы: Анес Н. Тел. +7 7172 74 93 96 Эл.адрес: nu.anes@aspire.gov.kz	Адрес: 010000, г. Астана Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	---